

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ ДЕ ТӘТТІ

Халқымызда: «Кіндігінің қаны тамған туған жер» деген сөз тіркесі бар. Бұл әншейін қызыл тіл үшін айтыла салған сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Сөздің маңызына көз жүгіртіп, бойлай қарар болсаңыз осы сөздің ар жағында туған жерге, өскен елге деген ықылас сезімнің атойлап жататыны анық. Өмір есігін інгәлап ашқан әр пенденің кіндік қаны тамған топырақ ол үшін жер кіндігі де іспетті. Бұл жайды жерлесіміз Марат Исабекұлы Түсіповтің «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» атты энциклопедиялық жинағымен, «Ғұмыр жазба - өткенге саяхат» деректі прозалық кітабының «Ауылым - алтын бесігім» атты тұсаукесер кешінде анық аңғарған едік. Р.Люксембург колхозында, кейіннен Ақбауыр атанған ауылда туып өскен Марат ағамыз бүгінде алып шаһар Қарағандыда жүрсе де, өзінің, иә, тек өзінің көзімен көріп өсіп, көңілімен таныған кішкене Ақбауырын жүрегінің төрінде сақтап, қолына қалам алып туған топырағына деген махаббатын ақ қағаз бетіне түсірген. «Әркімнің туған жері Мысыр шәһәрі» дейді мұндайда. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» кітабы өткен жылы «Нұр-Принт» баспасынан демеушілердің қолдауы мен 1500 дана тиражбен басылып шыққан болатын. Атының өзі айтып тұрғандай шағын ауылдың 100 жылдық мерейтойына арналып шығарылды.

Бұрынырақта Ресейден келушілер қоныстанса, соғыс кезінде жер аударылып келген шешендер, тың игеру кезінде Украина мен Белоруссиядан келушілер қосылды. Кеңқолтық қазақ ауылы бәріне де жатсынбады. Әсіресе, соғыс кезінде аш, жалаңаш күйінде келгендерге бір үзім наньнан бөліп беріп, үйінің бұрышынан орын берді. Камқор бола білді. Тіпті кейінге дейін Ақбауыр ауылында әр ұлт өкілдері қоян қолтық еңбек етіп, жарасымды күй кешті. Немістермен құда болып, қыз алысып, табиғаты аса көркем осы өңірден түлеп ұшқан азаматтар бүгінде еліміздің әр түкпірінде еңбектенуде. Өз ауылдарының ғасыр тойына Германиядан, жақын шетелдерден келгендер де болыпты. Алыстан жүректері алып ұшып, сағынышпен келгендер ауылынан тәбарік ретінде Марат ағаның кітабын қойнына қыстырып қайтты. - Ауылға деген сағынышты осы кітапты парактап басамыз, - депті қазақшасын қазақтан оздырған құдағи.

Аудандық орталық кітапхананың оқырмандар залында өткен тұсаукесер кешіне оқырмандар көп жиналды. Жүргізуші кітап авторы М.Исабекұлының өмірбаянымен қысқаша таныстырған соң, аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин құттықтау сөз сөйлеп, салтанатты жағдайда кітаптың лентасын кию рәсімін жасады. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» танымдық деректік кітапта жер

- су атаулары, ауыл ардақтары, рухани өмір, шаруашылық, білім, мәдениет саласында алғашқы түрен салушылар, қатардағы еңбек адамдарының өмірдеректері мен мағаналы түсініктемелер, кесте - тізімдер енгізілген. Ауыл тарихына, адамдарына қатысты естеліктер мен жүрекжарды өлеңдерде кітаптың ажарын аша түскен. Сондай-ақ, өлкенің әсем табиғаты бейнеленген фотосуреттер, еңбегі ерен тұлғалар өмірбая-



ны да суретімен берілген. Бұл жоғарыда аталғандай, кітаптың өзінде бар ақпараттық, мағлұматтың құндылығына ерекше әр мен сән үстейді. Ал, екінші кітап Қарағандының «Тенгри ЛТД» баспаханасында жарық көрді. Естелік кітаптың авторы балалық шағы, өскен ортасы, қызметтес әріптестері, қарапайым еңбек адамдары жайында қызықты деректер келтіріліп, пайымдар білдіріледі, табиғаты көркем суреттеледі. Білім алған әрі еңбек жылдары басқыш-басқыштарымен, рет-ретімен баяндалған. Кітап тілі жеңіл, сөзбаяны анық, танымдық-деректік маңызы бар ғұмырбаян.

Осынау кешке арнайы келген жазушы, әдебиет саласындағы Ресейдің М.Шолохов медалінің иегері Мұхамедқали Баймұханов өз пікірінде этнографиялық, топономикалық, әдеби фольклорлық қасиеттері басым. Ауыл бейнесі, адамдардың аты жөні толық берілген, үлкен есте қалу қабілетіне ие. Екі кітапты бір бірінің жалғасы деп айтуға боларлық дүние екеніне тоқталып, кітаптың шебер жазылғанын, өн бойынан адамға деген жылылық аңғарылады, үлкен талант, талап иесі екенін айта келіп, осы өңір тарихынан сыр шертетін тағы бір сүбелі туындының дүниеге келуімен құттықтады. Мұнан соң Марат ағаның әріптесі, бауыры, мемлекеттік қызметте көп жыл қызмет атқарған саясаттанушы Серік Мұстафин кітап жайындағы өзінің келелі пікірін білдіріп, туған ауылына арнаған жыр жолдарынан үзінділер оқып, осынау әсерлі де мазмұнды кешті өткізіп отырған кітапхана ұжымына ризашылығын білдіріп, сыйлығын табыс етті. Кештің шырайын күйшілердің орындауындағы сырлы күйлер аша түсті.

Бір кездері Марат аға басшылық еткен Ж.Ақылбаев

атындағы экспериментальды мектеп - гимназиясының директоры Қайрат Биғожин сөз кезегін алып, мектептің бүгінгі қол жеткізген табысын атап, кітап авторына толымды табыстар тіледі. Ал, сыныптас достары атынан бүгінде самайын қырау шалып, ақсақалдар қатарынан орын алған Бітім Ахметов: Тамырсыз ағаш өспейтіні сияқты, адам да өзінің кіндік қаны тамған топырағында көгереді. Біздің тамырымыз-ауылда.

Қазақтың атажұрты-өткеніміз, бүгінгіміз, болашағымыз. Бал дәурен шағымыз өткен ауыл туралы ойлау, қалам алып қағаз бетіне түсіргені перзенттік борышы деп білеміз. Кітапты ризашылық сезімге бөленіп оқыдым. Туған ауылына, жеріне, өскен ортасына деген махаббатты, қатарлас жүрген адамдарға, достарына деген ыстық ықыласы атойлап тұрады. Сол кездегі асық ойындарының өзін қолға қойғандай етіп талдап берген. Мен немерелеріме оқып көрсеттім асықты қалай ойнайтынын. Бұл сол бір кезенді көз алдыға әкелетін гибрат аларлық дүние дер едім, -деп ағынан жарыла ризалығын білдіре келіп, қазақ азаматтарының туған топыраққа деген махаббаты баянды, келер ұрпаққа жұғысты болғай деген тілекпен тұжырымдады.

Мұнан соң қос кітап авторы Марат Түсіпов сөз алып, кітаптың жазылу тарихына тоқталып, осынау кешті өткізуге ат салысқандарға шынайы алғысын жеткізіп, кітапханаға өз кітабының біразын ұсынды.

Кез келген авторға үлкен сый - оның оқырманының болуы, халық атты Жаратқанның жердегі есімінің оң бағасын беруі. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауырдан» оқыған жанның оң бағасын алып үлгеруі де заңдылық деп, сол еңбектің ақталғаны деп есептейміз.

«Ғұмыр жазба - өткенге саяхат» атты өмірбаяндық кітапқа жерлестері ретінде, оқырман ретінде ақ жол тіледік.

Б.АҚПАҢБАЙҰЛЫ,
Ақсу-Аюлы ауылы.